

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес мотоблокты (мотокультиваторды) сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 12 ақпандағы № 25 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Бір жетекші осі, бекіту мүмкіндігі бар құрылғыны білдіретін іштен жану қозғалтқышы бар, құрылымдық ерекшеліктері топырақты немесе дөңгелектерді өңдеу үшін жұмыс органдарының жетекші осіне (фрезіне) орнату мүмкіндігін көздейтін, тарту-тіркеу құрылғысы және (немесе) аспалы жабдықты бекітуге арналған құрылғылары мен шкив немесе қуатты іріктеу білігі бар руль құрылғысының көмегімен қатар келе жатқан жүргізуші басқаратын аспалы және (немесе) тіркемелі жабдықты бекіту мүмкіндігі бар құрылғыны білдіретін мотокультиватор (мотокультиватор) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8701 10 000 0-қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян